# Тақырыбы:

# ҚИЫН ОҚУШЫЛАРМЕН ЖҰМЫС

## МАҚСАТЫ

- *Қиын балаларды адамгершілік-рухани жағынан дамыту*
- *құқық бұзушылық пен қылмыстық іс-әрекеттердің алдын алу*

## МІНДЕТТЕРІ

- *баланың бүкіл өмірін тәрбиелік үрдіске айналдыру*
- *баланың даму деңгейіне лайықты өмірлік мәселелерді сатылы түрде анықтап, баланы өз өмірінің субъектісіне айналдыру*
- *өзіндік пікірін, көзқарасын қалыптастыру*
- *келеңсіз іс-әрекеттерден, жат қылықтан аулақ болуға үйрету*
- *сыртқы себептер мен психологиялық, психофизиологиялық қиыншылықтарды жеңуге көмек беру*

# Қиын бала

Қиын балалардың басым көпшілігі- мектеп бағдарламасын дұрыс меңгере алмайтындар, ұжымнан тысқары шығып қалатын балалар. Ұжымдағы жағымды позициядан қалыс қалу оларды теріс мінез –құлыққа, айналасындағы адамдармен, әсіресе бірге оқитын құрбы-құрдастарымен қарым-қатынас жасауына кедергі келтіреді. Қиындықпен тәрбиелену – баланың теріс мінез-құлқы, дау-жанжалдардың туу негізіне әкеп соғады.

# Қиын баланың жағымсыз мінез-құлқы

- Қызбалық, қозушылық
- Ұстамсыздық
- Ақылға сыймайтын қасарғыштық
- Мейірімсіздік
- Кекшілдік
- Қарсыласып сөз қайтару

**Қоғамдық жағдай мен өмірдегі тұрмыс жағдайы себепші болады.**

**Балалардың мінез-құлқындағы жағымсыз ерекшеліктері мен психикасының өзгеше қалыптасуынан немесе қалыпты нормадан ауытқуы.**

**Педагогикалық тәрбиенің дұрыс болмауы.**

**ҮШ ФАКТОР**

## Қиын бала тәрбиесінде ескерілетін жайттар

*Психологиялық түзету кезеңінде төзімділік қажет.*

*Баланың ішкі дүниесі мен қылықтарын, іс-әрекеттерін білу керек.*

*Мейірім мен сүйіспеншілік екі жақты да адамдық сипатқа жеткізетінін ұғыну керек.*

*Жан жылуын зәрулікпен құтқару, бала құқығымен санасу.*

**Отбасы жағдайына назар аудару керек**

*Жеке тұлға ретінде дамуына ықпал ету жағын ескеру қажет.*

# Қиын балаларды қалай тәрбиелеуге болады?

- Қиын бала үнемі жақсы психологиялық жағдайда тәрбиеленуі, оқуы, өсуі қажет.
- Балада жағымды “МЕН” бейнесін қалыптастыру қажет.
- Ұстаз бен шәкірт арасында тартыс тумауы қажет.
- Оқушының әрбір тәртіпсіз әрекетінің себебін анықтап,көз жеткізіп, шара мен жазаны соған лайықтап қолдану керек.
- Мұғалім сабағын қызғылықты өткізіп, оқушылар зейінін оқуға аударуы қажет.
- Мұғалім шыншыл, әділетті,кешірімді, мейірімді, сабырлы, ұстамды болғаны жөн.

# Қиындық туғызатын оқушылармен жүргізілетін әңгіме

Орта мектепті бітіргеннен кейін кім болғың келеді?

Сенің әке-шешеңмен қарым-қатынасың қандай?

Өзіңнің мектептегі жүріс-тұрысыңа, оқуыңа ризасың ба?

Сенің достарың қандай, олар туралы сен не ойлайсың?

Қай пәнді жақсы көресің?

Қандай әдеби кітаптар оқисың?

Сенің үйдегі, мектептегі ұнататын жұмысың?

Өмірдегі ең қажетті, қызықты не деп есептейсің?

# Пән мұғалімдерімен әңгіме

Сіздің сабағыңыздағы оқушының үлгерімі және жүріс-тұрысы қандай?

Оқудағы, жұмыстағы оқушының қабілеті қандай?

Оқушының тәртіпсіздігін көрсететін жағдай,
оған сіздің берген ақыл-кеңесіңіз?

# Жолдастарымен әңгіме

ОҚУШЫ

Қашаннан бері жолдассыздар?

Сенің жолдасыңның қандай қасиеті ұнайды?

Сенің жолдасыңның қандай қасиеті ұнамайды?

Болашаққа құрған жоспарларың.

Сендердің ортақ сүйікті жұмыстарыңыз бен пәндеріңіз.

*Ата-анасымен*

Қамқоршы жақындарымен әңгіме

**Балаңыздың жүріс тұрысына, оқуына көңіліңіз тола ма?**

***Тәрбие отбасынан басталады***

**Оның оқудағы жүріс-тұрысында сізді не қиналдырады, сіз оған қалай көмектесесіз?**

**Болашақ мамандығын таңдауына сіздің ақыл-кеңесіңіз.**

Ол үйде не істейді, сіздерге көмектеседі ме?

**Қоғамның жетілуінің кері әсері**
- Әлеуметтік теңсіздік

**Отбасы тәрбиесінің нашарлығы**
- Өте ауқатты ата-ана баласына уақыт бөлмеуі
- Отбасындағы материалдық әлеуметтік жағдайдың нашарлығы

**Экономиканың құлдырауы**
- Жұмыссыздық
- Маскүнемдік
- Нашақорлық

**Ортаның әсері**
- Жора-жолдас
- Тамыр таныс
- Көрші қолаң

# ФОРМАЛАРЫ

## ЖЕКЕ

- Әңгімелесу
- Ақыл-кеңес беру
- Сенім арту
- Ортаға тарту

## ТОПТЫҚ

- Мектепішілік шараларға қатысу
- Қоғамдық жұмыстарға араластыру
- Секция, сыныптан тыс үйірмелерге тарту

## ҰЖЫМДЫҚ

- Лекция
- Кездесу
- Экскурсия, жорықтарға шығу
- Апталық онкүндіктер өткізу

***“Тағдыр таразысының қайда қарап ауатыны бесіктің қалай тербелетініне байланысты"***

СтаниславЕжи Лец.

***Егер бала бұзақы болса, онда оған бала кінәлі емес. Педагогикалық әдістер кінәлі”***

А.С.Макаренко.

# НӘТИЖЕ

- ***Өзін-өзі ұстай білуге баулу***
- ***Мақсатқа ұмтылушылық***
- ***Өз іс-әрекетін қадағалау, өзіне-өзі есеп беру.***
- ***Өзіне деген сенімін арттыру***
- ***Адалдыққа дағдыландыру.***
- ***Өзін-өзі бақылау.***